

"Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 22 ақпандағы № 76 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 30 наурыздағы № 14956 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бүйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 3-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бүйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12788 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 қаңтарда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған ) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүйрық тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Орта білім беру үйымдарында оқитындарды тамақтандыруды үйымдастыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі білім беру үйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Орта білім беру үйымдарында оқитындарды тамақтандыруды үйымдастыру қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орта білім беру үйымдарында оқитындарды тамақтандыруды үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында (бұдан әрі – орта білім беру үйымдары) ақылы және тегін негізде оқитындарға тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ оқитындарды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша қызметтерді немесе тауарларды сатып алу тәртібін белгілейді.";

64-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Көрсетілетін қызметті жеткізуі беруші жалдау шартын алғаннан кейін білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша қызметті көрсеткенге дейін объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алады.";

75-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнім берушіні тарту осы Қағидалардың 69, 70, 71, 72-тармақтарының үқсастығы бойынша жүзеге асырылады.";

77- тармақ алынып тасталсын;

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Білім беру ұйымдарының медициналық пунктінің медицина қызметкері асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін бақылайды.";

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Орта білім беру ұйымдарында ата-аналар комитеті өкілдерінің, мектеп әкімшілігінің, білім беру ұйымдарының медициналық пунктінің медицина қызметкерінің және басқа адамдардың қатысуымен тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылады. Орта білім беру ұйымының басшысы комиссия төрағасы болып табылады.";

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшада:

Орта білім беру білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырмада:

жетінші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнім беруші білім беру ұйымының Санитарлық қағидалармен бекітілген нысан бойынша дайын өнімнің сапасына (бракераж) бақылау журналын жүргізуге жағдайды қамтамасыз етеді.";

жиырма төртінші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтің әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылmasa;

4) бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды.",

жиырма тоғызыншы бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарлардың әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

4) бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды. ";

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетіletіn қызметтерді берушіні немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшада:

"

| 11 | Тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа және ферма қожалығы, жылыштай, бақша шаруашылығы және басқалары) (кемінде 2 балл) | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 2<br>балл) |
|----|---|---------------------|---------------------|
|----|---|---------------------|---------------------|

"

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| 11 | Тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа және ферма қожалығы, жылыштай, және басқалары) (кемінде 2 балл) | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 2<br>балл) |
|----|---|---------------------|---------------------|
|----|---|---------------------|---------------------|

".

"

| 18 | Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізіletіn тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында тіркелуінің бар болуы | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 3<br>балл) |
|----|---|---------------------|---------------------|
|----|---|---------------------|---------------------|

"

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| 18 | Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізіletіn тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 3<br>балл) |
|----|---|---------------------|---------------------|
|----|---|---------------------|---------------------|

".

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні немесе тауарларды жеткізушіні тандау жөніндегі үлгілік конкурстың құжаттамаға 8-қосымшада:

"

|  |                     |                     |
|--|---------------------|---------------------|
| 6 Тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа және ферма қожалығы, жылыжай, бақша шаруашылығы және басқалары) (кемінде 2 балл) | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 2<br>балл) |
|--|---------------------|---------------------|

"

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|   |                     |                     |
|---|---------------------|---------------------|
| 6 Тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа және ферма қожалығы, жылыжай және басқалары) (кемінде 2 балл) | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 2<br>балл) |
|---|---------------------|---------------------|

".

"

|   |                     |                     |
|---|---------------------|---------------------|
| 9 Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында тіркелуінің бар болуы | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 3<br>балл) |
|---|---------------------|---------------------|

"

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|   |                     |                     |
|---|---------------------|---------------------|
| 9 Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы | Жок<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 3<br>балл) |
|---|---------------------|---------------------|

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемелердің (бұдан әрі – ММ), мемлекеттік

коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың (бұдан әрі – МКҚК), шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі – ШЖҚМК) ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған білім беру үйимдарында, сондай-ақ жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйимдарда тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алудың тәртібін белгілейді.";

48-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.";

57-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнім берушіні тарту осы Қағидалардың 51, 52, 53, 54-тармақтарының ұқсастығы бойынша жүзеге асырылады.";

Мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мектепке дейінгі білім беру үйимдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру үйимдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу жөніндегі ұлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшада:

Мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мектепке дейінгі білім беру үйимдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру үйимдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу жөніндегі ұлгілік конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырмада:

бесінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларды жеткізуші әлеуетті өнім берушінің өтінімдері, егер:

1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

4) бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетакы журналары, міндетті кәсіптік зейнетакы журналары мен әлеуметтік

аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды. ";

Мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшада:

"

- |  |                     |                     |
|--|---------------------|---------------------|
| 6 Тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа және ферма қожалығы, жылышай, бақша шаруашылығы және басқалары) (кемінде 2 балл) | Жоқ<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 2<br>балл) |
|--|---------------------|---------------------|

"

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

- |   |                     |                     |
|---|---------------------|---------------------|
| 6 Тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа және ферма қожалығы, жылышай және басқалары) (кемінде 2 балл) | Жоқ<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 2<br>балл) |
|---|---------------------|---------------------|

"

"

- |  |                     |                     |
|--|---------------------|---------------------|
| 9 Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың аумағында тіркелуінің бар болуы | Жоқ<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 3<br>балл) |
|--|---------------------|---------------------|

"

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

- |  |                     |                     |
|--|---------------------|---------------------|
| 9 Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы | Жоқ<br>( 0<br>балл) | Бар<br>( 3<br>балл) |
|--|---------------------|---------------------|

"

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 6-қосымшада:

5-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (З.Ж. Оразалиева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйректың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрек Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бүйректың көшірмесін

мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберсін.

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігінің  
міндеттін атқарушы

Б. Асылова

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Біртанов

2017 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 28 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Т. Сұлейменов

2017 жылғы 28 ақпан